

Осы Сақтандыру ережелері «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде біржақты тәртіппен әзірленген және әуе көлігін ерікті сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды. Сонымен қатар, осы ережелер сақтандыру шарттарын өзге тәсілмен жасасу кезінде тараптардың келісімге қол жеткізуі үшін негіз ретінде жалпы, алдын ала әзірленген талаптарды білдіреді.

Осы ережелер Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Тараптардың осындай шарт бойынша міндеттемелерін айқындайтын әуе көлігін ерікті сақтандырудың нақты шартының талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалады.

## Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	1
2.САҚТАНУШЫЛАР .....	1
3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ.....	2
4.САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ.....	2
5. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ .....	2
6. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛНІҢ ҰЛҒАЮЫ САЛДАРЫ .....	3
7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ .....	3
8.САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ .....	4
9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ .....	4
10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	6
11.САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ .....	9
12.САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	9
13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ .....	10
14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ .....	10
15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ .....	10
16. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ .....	12
17. РЕГРЕСТІК ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ .....	12
18. ҚОСА САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ.....	12
19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ .....	13
20. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР.....	13

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қолданыстағы заңнамада және осы Сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен және талаптарда бұдан әрі "Сақтандырушы" деп аталатын «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ бұдан әрі "Сақтанушылар" деп аталатын әуе кемелерінің иелері болып табылатын жеке және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) әуе көлігін ерікті сақтандыру шарттарын жасасады.

1.2. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандырылуға жатпайды.

### 2.САҚТАНУШЫЛАР

2.1. Осы Сақтандыру ережелері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде Сақтандырушы әуе көлігін сақтандыру шарттарын әуе кемелерінің меншік иелері болып табылатын, оларға меншік құқығымен тиесілі не мүліктік жалдау шарттарына сәйкес немесе өзге де негіздер бойынша иеленуге немесе пайдалануға берілген заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен жасасады.

2.2. Сақтанушы - заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде, сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға өтеді.

Сақтанушы - жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

### **3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ**

3.1. Сақтандыру объектісі әуе көлігі және ұшақтар, тікұшақтар мен басқа да әуе кемелері иелерінің әуе кемелерінің корпустарының және/немесе авиациялық қозғалтқыштарының жоғалуына, қирауына не бүлінуіне байланысты Сақтанушыларға келтірілген залалды өтеуге қатысты мүлктік мүдделері болып табылады.

3.2. Сақтандыру қорғанысы тасымалдауға байланысты жүктің сақталуына, фрахтқа, азаматтық жауапкершілікке және т.б. қолданылмайды.

### **4.САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

4.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің шекті мөлшері сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

4.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы ұшулар әуе кемесі жүзеге асырылатын елдердің заңнамасында айқындалған оның мөлшерін ескере отырып, тараптардың келісімімен айқындалады.

4.3. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталған кезде толық немесе ішінара нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады.

Толық залал деп мынадай жағдайлар танылады:

- сақтандыру объектісі толық қираған немесе қалпына келтіруге жатпайды;
- сақтандыру объектісі өзге себептермен Сақтанушы үшін қайтарымсыз жоғалған.

4.4. Әуе кемесін сақтандыру шартын жасасу кезінде шартты немесе шартсыз франшиза, яғни Сақтанушының залалды өтеуге өзінің қатысуы белгіленуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасынан пайыз түрінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетіледі.

4.5. Шартсыз франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал залал сомасы мен франшизаның белгіленген сомасы арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі.

4.6. Шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал толық залал сомасы мөлшерінде өтеледі.

4.7. Бір объектіге қатысты барлық сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушы шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.

4.8. Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы жауапкершілік көлемі кез келген жағдайда сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс. Сақтандыру сомасынан асатын залалды өтеуді Сақтанушы өз есебінен жүзеге асырады.

4.9. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін кінәлі тұлғаға қатысты регрестік талап ету құқығы Сақтандырушыға өтеді.

### **5. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

5.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру тәуекелдері деп сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы танылады, олардың басталуымен Сақтандырушыда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

Сақтандыру жағдайлары деп мыналардың нәтижесінде әуе кемесінің ішінара бүлінуі, жойылуы, толық жоғалуы танылады:

- авиациялық оқиға, инцидент;
- өрт, жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны және басқа да дүлей апаттар;
- ұрлау немесе жоғалту;
- сақтандыру шарты қолданылатын мерзім ішінде орын алған және әуе кемесінің жоғалуына, қирауына немесе бүлінуіне әкеп соққан үшінші тұлғалардың абайсыз әрекеттері.

## **6. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫ САЛДАРЫ**

6.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы, сондай-ақ Сақтандырушының Сақтанушыға жолдаған жазбаша сауалында баяндалған өзге де мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға міндетті. Кез келген жағдайда сақтандыру шартында келісілген өзгерістер елеулі деп танылады.

6.2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы шарт талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген ережелерге сәйкес шартты бұзуды талап етуге құқылы.

6.3. Осы Сақтандыру ережелерінің 6.1-тармағында көзделген міндетті Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға орындамаған кезде, Сақтандырушы шартты бұзуды және шарттың бұзылуынан келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар болжамды бұзу сәтіне қарай жойылса, Сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

## **7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

7.1. Мынадай жағдайларда әуе кемелеріне келтірілген залал сақтандыру жағдайы деп танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды, егер ол мыналардың нәтижесінде келтірілсе:

7.1.1. Сақтанушының азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы жарамды куәлігі, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы куәлігі және әуе көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін басқа да құжаттары жоқ әуе кемелерін пайдалануы;

7.1.2. Сақтанушының әуе кемесін ұстауға, күзетуге, жөндеуге, ұшу және техникалық пайдалануға қойылатын нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды бұзуы;

7.1.3. Сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен Сақтанушының немесе Пайда алушының қасақана әрекеттері (қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында және басқа да айрықша жағдайларда жасалған әрекеттерді қоспағанда), сондай-ақ Сақтанушының немесе оның жұмыскерлерінің әрекеттеріндегі өрескел абайсыздық;

7.1.4. Сақтанушының әуе кемесін сақтандыру полисінде/шартта көзделмеген мақсаттарда немесе осы кеме пайдаланылатын белгіленген аймақтан тыс пайдалануы (егер бұл форс-мажор мән-жайларынан туындамаса);

7.1.5. сақтандырылған әуе көлігіне арналмаған ұшу-қону алаңдарын пайдалануы (мәжбүрлі жағдайларды қоспағанда);

7.1.6. әуе кемесін мұндай құқыққа ие емес не осындай сыныптағы әуе кемелерінде ұшуға рұқсаты жоқ тұлғаның басқаруы;

- 7.1.7. әуе кемесінің мәлімделген жүк көтергіштігінен артық жолаушылар мен жүктерді тасымалдауы;
- 7.1.8. кез келген әскери іс-қимылдар немесе әскери шаралар және олардың салдары, әуе кемесінің зымырандармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да қарулармен, соғыс және жауынгерлік операциялар жүргізу құралдарымен зақымдануы немесе жойылуы, пираттық әрекеттер, әуе кемесін күшпен айдап әкету және басып алу, сондай-ақ азаматтық соғыс, халық толқулары, көтерілістер, бүліктер, жаппай тәртіпсіздіктер мен ереуілдер салдарынан;
- 7.1.9. әскери немесе азаматтық билік органдарының өкімі бойынша әуе кемесін тәркілеу, реквизициялау, қамауға алу, жою немесе бүлдіру;
- 7.1.10. ядролық реакция, ядролық сәулелену немесе радиоактивті ластану;
- 7.1.11. әуе кемесін жөндеуден немесе регламенттік жұмыстарды орындағаннан кейін ұшырып тексеру;
- 7.1.12. оқу ұшулары, экипаждарды сапқа енгізу;
- 7.1.13. жаңа конструкцияларды сынау, сондай-ақ арнайы рұқсатты қажет ететін басқа да сынақ ұшуларын жүргізу;
- 7.1.14. авиациялық іс-шаралар шеңберінде жүргізілетін ұшулар (мысалы, көрсетілімдік ұшулар, жарыстар);
- 7.1.15. фигуралық, акробатикалық немесе рекордтық ұшуларды орындау;
- 7.1.16. әуе кемесіне қатысты жасалған террористік акт (жарылыс, басып алу, айдап әкету, бағытты мәжбүрлі өзгерту, мәжбүрлі қону және т.б.);
- 7.1.17. мемлекеттік немесе ведомстволық өкімдер.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ**

- 8.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі сақтандыру шартымен белгіленеді.
- 8.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру орны болып Қазақстан Республикасының аумағы, сондай-ақ тек сақтандыру шартында немесе Сақтанушыға берілген сақтандыру полисінде көрсетілген елдердің аумағы не географиялық шектер табылады.

## **9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініші негізінде жасалады.
- 9.2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру полисі түрінде ресімделуі мүмкін.
- 9.3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне бірінші сақтандыру жарнасы (немесе біржолғы төлем жағдайында бүкіл сыйлықақы) Сақтандырушының шотына есепке алынған күннен кейінгі күннің 00 сағат 01 минутынан бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 9.4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру полисі Сақтанушыға сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап 3 күн ішінде беріледі.
- 9.5. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінің көшірмесін береді, осыдан кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемдері жүргізілмейді. Жоғалған сақтандыру полисінің орнына көшірме берген кезде Сақтандырушы Сақтанушыдан полисті дайындау және ресімдеу құны мөлшерінде ақшалай соманы өндіріп алады.
- 9.6. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері әрбір әуе кемесі бойынша жеке-жеке тараптардың келісімімен айқындалады.
- 9.7. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері сақтандыру сомасы мен сақтандыру

мерзімінен есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысы ставкалары сақтандыру жағдайының басталу тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін факторларға (әуе кемесінің жасы, оның жай-күйі, ұстау және пайдалану жағдайлары және т.б.) байланысты саралануы мүмкін. Сақтандыру ставкаларына түзету коэффициенттері әуе кемелерін сақтандыру кезінде мыналарға байланысты қолданылады:

- орындалатын жұмыстардың түріне;
- сақтандыру сомасының мөлшеріне;
- сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне;
- әуе кемелерін пайдаланудың басқа да ерекшеліктеріне.

9.8. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз төлеммен төлейді.

9.9. Сақтандыру сыйлықақыларының сомасын тараптар сақтандыру шартында айқындайды.

9.10. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе бөліп төлеуі мүмкін. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі сақтандыру шартымен айқындалады.

9.11. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы мен сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүліктік мүдде туралы;
- 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты (сақтандыру жағдайы);
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.

9.12. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефонының нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсету;
- 7) Сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысының мерзімі;
- 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға және пайда алушы туралы көрсету;
- 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; сақтанушының мүліктік сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;

- 12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілсе және ол шарт бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.

## **10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### 10.1. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру шарты жасалған негіз болған Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырушы белгілеген нысандағы сақтандыру полисін беруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру шартында келісілген мерзім ішінде шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыруға (немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға);
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жасаған шығыстарын өтеуге;
- 4) Сақтанушымен қатынастарда құпиялылықты қамтамасыз етуге, заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- 5) Сақтанушы сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда - дәл сондай көлемде және дәл сондай мерзімдерде қолданылатын оның көшірмесін ресімдеуге;
- 6) сақтандыру құпиясын сақтауға.
- 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушы/ Сақтандырылған тұлға/ Пайда алушы Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болғанда.
  - Сақтанушының /Сақтандырылған тұлғаның құжаттарды, сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

### 10.2. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шарты талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге. Осы мақсаттарда Сақтандырушы сақтандыру шарты жасалғанға дейін Сақтанушыға тиесілі әуе кемелерінің жай-күйін, оларды ұстау және пайдалану, техникалық қызмет көрсету жағдайларын тексеруге және тиісті құжаттаманы зерделеуге, ал сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін - бақылау іс-шараларын жүргізуге, сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға және оның қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру шартын сүйемелдеуге байланысты өзге де жұмыстарды орындауға құқылы. Тексеру және алдын алу іс-шараларының нәтижелері Сақтандырушымен жазбаша нысанда тіркеледі және Сақтанушыға жіберіледі;
- 2) егер оларға тиесілі әуе кемелері қолданыстағы техникалық талаптарға сәйкес келмесе не оларды пайдалану кезінде ұшу қауіпсіздігі талаптарының өрескел бұзылуына жол берілсе, әуе көлігін сақтандырудан бас тартуға;
- 3) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан ішінара немесе толық бас тартуға:
  - Сақтанушының сақтандыру шарты талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуы;
  - сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыста болатын, заңда белгіленген тәртіп-

пен қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтанушы әрекеттері;

- Сақтанушының сақтандыру объектісі туралы көрінеу жалған не бұрмаланған мәліметтерді хабарлауы;
  - сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламауы;
  - егер Сақтанушының қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен мүмкіндігі бола тұра, шартта белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен (салдарлармен) байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбауы немесе көрінеу жалған дәлелдер ұсынуы;
  - Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
  - Сақтанушының Сақтандырушы анықтаған, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыратын фактілерді жою жөнінде шаралар қабылдамауы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда;
- Сақтандыру шартының талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін.

- 4) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын шартта белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, сақтандыру шартын бұзуға;
  - 5) орындаудың жоғары залалдылығы болған жағдайда, болжанып отырған бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын міндетті жазбаша хабарламамен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
  - 6) қажеттілігіне қарай құзыретті органдарға сауалдар жолдауға;
  - 7) кінәлі тұлғаға регрестік талап ету құқығын қоюға;
- Егер бұл заңнамаға қайшы келмесе, сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарланады.

### 10.3. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және одан келетін залалды (сақтандыру тәуекелін) бағалау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға және Сақтандырушы сұратқан құжаттарды (сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру сомаларының экономикалық негіздемесін және басқа да қаржылық және техникалық-экономикалық мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің деңгейін бағалау үшін қажетті мәліметтерді) ұсынуға;
- 3) сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға шартта белгіленген мерзімдерде және нысанда хабарлауға және кінәлі тұлғаға қатысты регресс құқығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға;
- 4) осы шартта көзделген сақтандыру объектісі бойынша басқа қолданыстағы сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) заңды тұлға ретінде таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, өзіне тиесілі әуе кемелерін сатқан немесе мүліктік жалға берген жағдайда бұл туралы Сақтандырушыға мынадай мәселелер бойынша хабарлауға:
  - сақтандыру шартын бұзу;
  - сақтандыру шартын құқықтық мирасқорлық тәртібімен қайта ресімдеу;
  - сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 6) Сақтандырушы өкілдеріне сақтандыру шартын жасасуға және оны қолданылу кезеңінде сүйемелдеуге байланысты іс-шараларды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға;

- 7) еңбек ұжымы мүшелерімен және оның өкілдерімен сақтандыру талаптарын түсіндіру жөнінде жұмыс жүргізуге;
- 8) Сақтандырушыға кінәлі тұлғаға қатысты регрестік талап ету құқығын қамтамасыз етуге.
- 9) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауға және өңдеуге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарттың және\немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 10) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
- 11) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімін талап етуге міндетті.
- 12) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан өңдеуге келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімнің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
- 13) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 14) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды.

#### 10.4. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру талаптарымен, сақтандыру сыйлықақысы ставкаларының мөлшерімен танысуға;
- 2) Сақтандырушыны болжанған бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын міндетті жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

- 3)полис жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;  
4)өз құқықтарын сотта қорғауға;  
5)сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алушы ретінде кез келген тұлғаны (Пайда алушыны) тағайындауға.
- Осы тармақта көзделген тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптардың осы Сақтандыру ережелерінің өзге тармақтарында, сақтандыру шартының талаптарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының актілерінде көзделген құқықтары мен міндеттері бар.
- Осы бапта белгіленген Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Сақтандыру шартында Тараптар үшін өзге құқықтар мен міндеттер көзделуі мүмкін.

## **11.САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ**

- 11.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:
- мүлікті құтқару, залалды азайту жөнінде дереу шаралар қабылдауға;
  - сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны дереу 24 сағат ішінде (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мереке және демалыс күндерін қоспағанда) хабардар етуге. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті;
  - Сақтандырушыға бүлінген, қираған немесе жоғалған сақтандыру объектісінің жекелеген заттарының (бөліктерінің) құнын көрсете отырып тізімдемесін, сақтандыру жағдайының басталуына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты барлық құжаттарды (мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залал сомасының негіздемесі және т.б.) ұсынуға;
  - Сақтандырушыға регрестік талап ету құқығын іске асыру үшін қажетті барлық қолда бар құжаттарды беруге. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушы залалды өтеуден бас тартуға құқылы.
- 11.2. Сақтанушы сақтандыру жағдайына байланысты мыналарды растау үшін құзыретті органдарға (құқық қорғау органдарына, медициналық мекемелерге, қадағалау органдарына және басқа ұйымдарға) жүгінуге міндетті:
- күні;
  - уақыты;
  - орны;
  - әуе кемелерінің жойылуының немесе бүлінуінің себептері, сондай-ақ егер бұл сақтандыру төлемдерінің мөлшерін айқындау үшін қажет болса - залал мөлшері.

## **12.САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

- 12.1. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішті, сақтандыру полисін/шартты, әуе кемелерінің бүлінуі немесе жойылуының күнін, орнын және себептерін, сондай-ақ - егер бұл сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін қажет болса - залал мөлшерін растайтын құзыретті органдардың құжаттарын ұсынуға міндетті.
- 12.2. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы төтенше жағдайлар органдарынан, құқық қорғау органдарынан және сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпаратқа ие басқа ұйымдардан сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді сұратады, сондай-ақ осы себептер мен мән-жайларды өз бетінше анықтауға құқылы.
- 12.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы толық емес құжаттар

топтамасын ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжат алынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

### **13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

13.1. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішпен жүгінуге тиіс. Өтінішке сақтандыру полисі/шарт және әуе кемесіне келтірілген залал фактісін және залал мөлшерін растайтын тиісті құжаттар қоса берілуге тиіс.

13.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптарда Тараптардың қатысуымен тәуелсіз комиссия анықтаған сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу мен Сақтандыру актісінің негізінде жүргізіледі. Сақтандыру актісін Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар негізінде жасайды.

13.3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы қажетті құжаттарды алғаннан кейін 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Сақтандыру төлемі қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз төлеммен жүргізіледі. Сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемін залалды заттай нысанда өтеумен ауыстыру көзделуі мүмкін.

13.4. Егер залал зиян келтірушімен толық өтелсе, Сақтанушы немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған тұлға сақтандыру төлемін алу құқығынан айырылады.

13.5. Сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

### **14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 жұмыс күнін құрайды. Осындай шешім қабылданғаны туралы Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша түрде немесе анықтығы тіркелуі мүмкін өзге тәсілмен хабардар етеді.

14.2. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асырудың немесе сақтандыру төлемінен дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаудың қысқартылған мерзімдері көзделуі мүмкін.

### **15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ**

15.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) алдындағы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) егер сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдаса, сақтанушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы немесе сақтанушы болып табылатын жеке тұлғаның қайтыс болуы;
- 4) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуы;
- 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.

15.2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін болжанған тоқтату күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

15.3. Егер сақтандыру шарты мерзімінен бұрын мынадай мән-жайлардың бірі бойынша тоқтатылса:

- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
- 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
- 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметінің белгіленген тәртіппен тоқтатылуы;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
- 7) мынадай жағдайларда:
  - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдаудың мүмкін болмауы;
  - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзады. Сақтандыру шарты Шартты тоқтатуға негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

15.4. Осы бөлімнің 15.3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны қамтиды) жалпы сақтандыру сыйлықақысынан 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.

15.5. Егер бұл осы Сақтандыру ережелері бөлімінің 15.3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру полисінен бас тарту себебі бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.

15.6. Қарыз шартымен байланысты Сақтандыру полисін Сақтанушы-жеке тұлғаның Сақтандыру полисінен бас тартуы, оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.

15.7. Сақтандыру ережелерінің осы бөлімінің 15.3 – 15.6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

15.8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде

Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын уақытында төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

15.9. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

## **16. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ**

16.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын әуе кемелеріне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыны хабардар етуге міндетті. Сақтанушының осы міндетті орындамауы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.

16.2. Әуе кемелерін қосарланған сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы Сақтанушыға онымен жасалған шартқа сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырады, алайда барлық сақтандырушылардан Сақтанушы алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

Залал басқа сақтандырушылармен өтелгендіктен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, шеккен шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

## **17. РЕГРЕСТІК ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ**

17.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушыда бар регрестік талап ету құқығы өтеді. Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтанушы осы талап ету құқығын іске асыру үшін қажетті өзінде бар барлық құжаттарды Сақтандырушыға беруге міндетті.

17.2. Сақтанушы көрсетілген тұлғаға талаптардан немесе оған талаптарды іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ регрестік талап қою үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартқан кезде, Сақтандырушы залал келтірушіден регрестік талап қою тәртібімен өндіріп ала алатын сақтандыру төлемінің сол бөлігін төлеуден босатылады.

17.3. Сақтанушы азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға сақтандыру төлемі сомасынан тыс келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын, сондай-ақ осы тұлғаға қатысты өзге де талаптарды беруге құқылы. Осы құқықтардың ауысуы сақтандыру шартында ресімделуі мүмкін.

17.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы, соңғысының келісімімен, Сақтандырушыға сақтандырылған әуе кемесіне қатысты өз құқықтарын беруге және сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы.

## **18. ҚОСА САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ**

18.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Сақтандырушы өзі жасасқан сақтандыру шарты бойынша әуе кемесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және тіркелген заңды тұлғалар болып табылатын өзге сақтандырушылармен қоса сақтандыруға құқылы. Бұл ретте сақтандыру шартында әрбір Сақтандырушының құқықтары мен міндеттерін айқындайтын талаптар қамтылуға тиіс.

18.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Сақтандырушы өзі жасасқан әуе кемелерін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы алдындағы міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін орындау тәуекелін басқа сақтандырушыда не

сақтандырушыларда (қайта сақтандырушыларда), Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын, сондай-ақ сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және тіркелген шетелдік заңды тұлғаларда қайта сақтандыруға құқылы. Қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушы әуе кемелерін сақтандыру шартына сәйкес Сақтанушы алдында толық көлемде жауапты болып қалады.

## **19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

19.1. Әуе көлігін сақтандыру шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады. Сақтандыру шартынан туындайтын және тараптармен реттелмеген дауларды шешу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады. Егер Сақтандырушы мен Сақтанушы, шетел мемлекетінің азаматы немесе заңды тұлғасы болып табылатын тұлға арасында дау туындаса, халықаралық заңнама нормалары қолданылуы мүмкін.

19.2. Егер Сақтанушы мен Сақтандырушы залалдың нақты мөлшері жөнінде келісімге келмесе, онда олардың кез келгенінің жазбаша талабы негізінде екі тарап та көрсетілген талапты алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде тәуелсіз құзыретті бағалаушыны тағайындап, мұндай бағалаушының тағайындалғаны туралы екінші тарапқа хабарлауға тиіс. Бағалаушылар келтірілген залалды бір-бірінен тәуелсіз бағалауға, нақты ақшалай құнын (сақтандыру шартында айқындалған тәртіппен) және/немесе залалдың нақты мөлшерін айқындауға тиіс. Егер олар залалдың (шығындардың) мөлшері не құны жөнінде келісімге келмесе, даулар сот тәртібімен шешіледі.

## **20. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР**

20.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартына тараптардың келісімі бойынша осы Сақтандыру ережелерінің талаптарынан өзгеше ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

20.2. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартының талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін басқа талаптармен жекелеген тармақтарда толықтырылуы және ауыстырылуы мүмкін.

20.3. Сақтандыру полисі бойынша мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:

1. Кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, мемлекет меншігіне алуы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалануы.
2. Кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер осындай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда не экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

20.4. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны қарапайым жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартында көрсетілген электрондық пошта арқылы немесе пошта арқылы мекенжайына хабарлама жіберген сәттен бастап

бұзылған болып есептеледі.

20.5. Тараптар осы Сақтандыру ережелері бабының 20.4-тармағына сәйкес Шарт қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.

20.6. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты ОФАС, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.

20.7. Тараптар осы Сақтандыру ережелері бабының 20.4-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.

**Әуе көлігін ерікті сақтандыру ережелеріне  
№1 қосымша**

**САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ  
СТРАХОВОЙ ПОЛИС** № \_\_\_\_\_

Осы сақтандыру полисі «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ уәкілетті органмен келісілген әуе көлігін сақтандыру Ережесіне (бұдан кейін – «сақтандыру Ережесі»).  
Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования воздушного транспорта (далее – «Правила страхования»).

**САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ**  
**МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ /**  
**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ**  
**САҚТАНДЫРУШЫ /**  
**СТРАХОВЩИК**

**СТРАХОВАНИЕ ВОЗДУШНОГО ТРАНСПОРТА.**  
№ \_\_\_\_ от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года.

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ.,  
«Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT:  
**EURIKZKA BSN 950540000024**  
АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59.  
тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО  
«Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024

**САҚТАНУШЫ/  
СТРАХОВАТЕЛЬ**

**САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛФА / ЗАСТРАХОВАННЫЙ**  
**САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ /**  
**ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ**

**САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ /**  
**СТРАХОВАЯ СУММА**  
**САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ /**  
**СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ**  
**ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА**

**САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ**  
**ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН**  
**МЕРЗІМДЕРІ /**  
**ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ**  
**СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ**  
**САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ /**  
**СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ**  
**САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ /**  
**ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОЙ ЗАЩИТЫ**  
**ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР /**  
**ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ**  
**ПАЙДА АЛУШЫ /**  
**ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ**  
**САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**  
**ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ /**  
**ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ**  
**СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ**  
**ПОЛИСІҢ ТАЛАПТАРЫҢА ӨЗГЕРІСТЕР**  
**ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ /**  
**СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕ-**  
**НИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА**

_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
Воздушный транспорт и связанные с ним имущественные интересы владельцев самолетов, вертолетов и других воздушных судов по возмещению ущерба, нанесенного страхователям в случаях утраты, разрушения либо повреждения корпусов и/или авиадвигателей воздушных судов.	
_____ санмен/цифрами	_____ сөзбен/прописью
_____ санмен/цифрами	_____ сөзбен/прописью
_____, в размере ____ % от страховой суммы. Франшиза – условие страхования, предусматривающее освобождение Страховщика от возмещения убытков, не превышающих определенного размера.	
_____	
_____	
Лицо, которое в соответствии с договором страхования является получателем страховой выплаты.	
Страховая выплата производится страховщиком не позднее 30 (тридцати) рабочих дней со дня получения документов, предусмотренных Правилами страхования.	
Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.	

**САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ**  
**ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ /**  
**СРОК ДЕЙСТВИЯ**  
**СТРАХОВОГО ПОЛИСА**

с «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года по «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года.  
**обе даты включительно**

**Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – пә/да,нет/жок.**

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./  
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/  
Страховщик (или его представитель):  
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

**М.П.**  
**Если подписант агент**  
Агент (ФИО/Наименование)  
Адрес (если агент юридическое лицо)  
ИНН/БИН  
Телефон

**М.П.**

### Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру келісім жасалғаны бойынша Сақтанушыны сақтандыру Ережесімен таныстыруға, Сақтандырушының белгілеген түрінде сақтандыру полисін беруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіптен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы туған кезде олардың шығынды азайту үшін жұмсалған шығынның орнын толтыру;
- 4) заңда қарастырылған жағдайдан басқасын Сақтанушының құпиясын сақтау, Сақтанушының мүліктерінің жағдайын, мәліметтерін жария етпеу;
- 5) Сақтанушы сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда – мерзімі және көлемі сол тұрғыда жүретін оның дубликатын дайындау;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушының/ сақтандырылушының пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖЖКҚК тізбесі) болуы;
  - Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылжытату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

#### Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады; сақтандыру белгіленген келісім бойынша уақытылы және белгіленген тәртіп мөлшерінде сақтандыру жарнасын төлеуге;
- 3) сақтандыру шартына отыру кезінде Сақтандырушыға барлық оған белгілі хал-жағдайды, сақтандыру жағдайы туа қалған кезде белгілі маңызды бар нәрсені бағалау үшін, одан болған шығын (сақтандыру қауіп-қатері) және Сақтандырушының сұраған құжаттарын (сақтандыру объектісін, экономикалық негізде сақтандыру төлемі және басқа да қаражат, және техника-экономика мәліметі);
- 4) белгіленген келісім бойынша мезгілінде және сақтандыру жағдайы туған түрін және шара қолдануға айыпты кісіден регресс құқығын қамтамасыз етуге Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) басқада күші бар сақтандыру шарты сақтандыру объектісін белгіленген қазіргі келісім бойынша Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) Өуе жолы кемесі жойылған (қайта құрылған) заңгер ретінде, сатылған немесе жалға берілген жағдайда Сақтандырушыға хабар беруге:
  - сақтандыру шартын бұзу;
  - сақтандыру шартын құқықжалғастыру бойынша қайта құру;
  - сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыру енгізу;
- 7) Сақтандырушы өкілдеріне қажетті жағдай жасау, сақтандыру шартын жасауға байланысты шараларын оның жүргізу мерзімі кезінде қимылына ере жүру.
- 8) еңбек коллективтерінің мүшелеріне және олардың өкілдеріне сақтандыру шарттарын түсіндіру;
- 9) айыпты тұлғаға регресті талап құқығын Сақтандырушыға қамтамасыз ету.

#### Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушының хабарлар еткен ақпаратын, тағы да Сақтанушының талаптарының орындалуын және сақтандыру шарттарын тексеруге. Осы мақсатта сақтандырушы сақтандыру келісімі жүргізілгенше Сақтанушыға тиесілі әуе кемесінің қал-жағдайын тексеруге құқылы, тұтып-ұстау тәртібін және пайдалануын, техникалық күтуін және қажетті құжаттарымен танысу, содан кейін сақтандыру келісім күшіне енгеннен кейін сақтандырушы бақылау шарасын жүргізуге, сақтану жағдайын зерттеуге қатысуға және басқа жұмыстарды атқаруға байланысты сақтандыру келісім өз күшін сақтау кезінде ере жүру. Сақтандырушы тексеру нәтижесін және ескерту шараларын белгілеп жазбаша Сақтанушыға жіберу;
- 2) егерде оларға тиесілі әуе кемесінің техникалық талаптарына сай емес болса, әлдеқалай пайдалану кезінде ұшу қауіпсіздігінің тәртібін өріскек бұзу байқалса, әуе жолы көлігін сақтандырудан бас тарту;
- 3) бөлшектеп немесе толық сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту, егерде:
  - қазіргі Қазақстан Республикасының заңдарын және сақтанушы шартын бұзған болса;
  - сақтанушының қимылы сақтандыру жағдайына тікелей байланысты болса белгіленген заң тәртібі бойынша қылмыс құрамы әдейі жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп табылса;
  - сақтандыру объектісі туралы сақтанушының жеткізген хабары әдейі біле тұра жалған немесе бұрмаланса;
  - сақтандыру жағдайы туғаны туралы дер кезінде хабар бермесе;
  - қазіргі белгіленген заңдар бойынша, егерде Сақтанушы мүмкіндігі бола тұра белгіленген келісім мерзімінде себепін анықтау үшін құжаттары және хабары жеткізілмесе, сақтандыру туған жағдайының сипаты және оның қортындысына (зардабына) немесе біле тұра жалған айтақ берсе;
  - Сақтанушы айыпты кісіден шыққан шығынға сәйкес шығынның орнын толтырып алса;
  - сақтандыру жағдайы туу мүмкіндігі жоғарылайтын Сақтандырушының тапқан фактісін болдырмауға Сақтанушының шара қолданбауы;
  - сақтандыру келісімі немесе басқа жағдайда заңда қарастырылса;
- 4) Сақтандырушы сақтандыру төлем ақысын келісімде көрсетілген уақытында төлемеген жағдайда сақтандыру келісімін бұзуға;
- 5) оны орындау үлкен зияндылық келтіретін болса жедел түрде сақтандыру келісімін бұзуға, шамамен бұзу жөнінде ұйғарылған күніне дейін 30 күннен кешіктірмей міндетті түрде сақтандырушы жазбаша хабарландыру қағазын жіберуге тиісті;
- 6) қажет болған жағдайда компетентті органдарға сұрақ жіберуге;
- 7) айыпты тұлғаға регрессиялық талаптың құқығын көрсету;
- 8) заңда белгіленген басқа да жағдайларда.

#### Сақтанушы құқылы:

### Права и обязанности сторон

#### Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования, на основании которых заключен договор страхования, выдать страховой полис установленной Страховщиком формы, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;
  - 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим Полосом;
  - 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
  - 4) обеспечить конфиденциальность в отношениях со Страхователем, не разглашать сведения о Страхователе и его имущественном положении, за исключением случаев, предусмотренных законодательством;
  - 5) в случае утраты Страхователем страхового полиса - оформить его дубликат, действующий в тех же объемах и те же сроки;
  - 6) сохранять тайну страхования.
  - 7) отказать в страховой выплате в случаях:
    - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ
    - предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
    - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмывания денег и финансирования терроризма.
- #### Страхователь обязан:
- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
  - 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
  - 3) при заключении договора страхования сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки вероятности наступления страхового случая и нанесения ущерба от него (страхового риска) и представить запрашиваемые Страховщиком документы (об объекте страхования, экономическое обоснование страховых сумм и другие финансовые и технико-экономические сведения);
  - 4) сообщать Страховщику в установленные договором сроки и форме о страховом случае и принимать меры к обеспечению права на регресс к виновному лицу;
  - 5) сообщать Страховщику о других действующих договорах страхования по объекту страхования, предусмотренному настоящим договором;
  - 6) в случае ликвидации (реорганизации) его как юридического лица, продажи или сдачи в имущественный наем принадлежащих ему воздушных судов сообщать об этом Страховщику на предмет:
    - расторжения договора страхования;
    - переоформления договора страхования по правопреемственности;
    - внесения в договор страхования изменений и дополнений;
  - 7) создавать необходимые условия представителям Страховщика для проведения ими мероприятий, связанных с заключением договора страхования и сопровождением его на период действия;
  - 8) проводить с членами трудового коллектива и его представителями работу по разъяснению условий страхования;
  - 9) обеспечить Страховщику право регрессного требования к виновному лицу.
- #### Страховщик вправе:
- 1) проверять сообщенную Страхователем информацию, а также выполнение Страхователем требований и условий договора страхования. В этих целях Страховщик до заключения договора страхования вправе обследовать состояние принадлежащих Страхователю воздушных судов, условия их содержания и эксплуатации, технического обслуживания и изучить соответствующую документацию, а после вступления договора договора в силу - проводить контрольные мероприятия, участвовать в расследовании страховых случаев и выполнять иную работу, связанную с сопровождением договора страхования в течение срока его действия. Результаты обследования и предупредительных мероприятий фиксируются Страховщиком в письменной форме и направляются Страхователю;
  - 2) отказать в страховании воздушного транспорта в случае, если принадлежащие им воздушные суда не соответствуют действующим техническим требованиям, либо при их эксплуатации допускались грубые нарушения требований летной безопасности;
  - 3) частично или полностью отказать в осуществлении страховой выплаты в случае:
    - нарушения Страхователем условий договора страхования и действующего законодательства Республики Казахстан;
    - действий Страхователя, признанных в установленном законом порядке умышленными преступлениями или административными правонарушениями, находящиеся в прямой причинной связи со страховым случаем;
    - сообщения Страхователем заведомо ложных либо искаженных сведений об объекте страхования;
    - несвоевременного извещения о страховом случае;
    - если Страхователь имел возможность в порядке, установленном действующим законодательством, но не представил в установленный договором срок документы и сведения, необходимые для установления причин, характера страхового случая и его связи с наступившим результатом (последствиями), или представил заведомо ложные доказательства;
    - получения Страхователем соответствующего возмещения ущерба от лица, виновного в причинении ущерба;
    - непринятия Страхователем мер по устранению выявленных Страховщиком фактов, повышающих вероятность наступления страхового случая;
  - 4) расторгнуть договор страхования в случае неуплаты Страхователем страховой премии в установленные договором сроки;
  - 5) досрочно расторгнуть договор страхования в случае большой убыточности его исполнения, с обязательным письменным уведомлением Страховщика не позднее, чем за 30 дней до даты предполагаемого расторжения;
  - 6) по мере необходимости направлять запросы в компетентные органы;
  - 7) предъявлять право регрессного требования к виновному лицу;
  - 8) в иных случаях, предусмотренных законодательством.

<p>1) сактандыру шарттарымен сактандыру ақы мөлшерінің төлемімен таныстыру;</p> <p>2) жедел түрде сактандыру келісін бұзуға шамамен бұзу жөнінде ұйғарылған күніне дейін 30 күннен кешіктірмей міндетті түрде Сактандырушы жазбаша хабарландыру қағаз жіберуге тиісті;</p> <p>3) полисті жоғалтып алған кезде, оның дубликатын алуға;</p> <p>4) сотта өзінің құқығын қорғауға.</p> <p>Сактанушы, осы Сактандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сактандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сактандыру мүддесінің бар екендігін растайды.</p> <p>Тараптар Қазақстан Республикасының көзделген заңдарымен және АҚ "Евразия" Сактандыру компаниясы" ерікті әуе жол көлігін сактандыру ережесімен анықталған басқадай құқықтар мен міндеттерге ие.</p>	<p><b>Страхователь вправе:</b></p> <p>1) ознакомиться с условиями страхования, размерами ставок страховых премий;</p> <p>2) досрочно расторгнуть договор страхования с обязательным письменным уведомлением Страховщика не позднее, чем за 30 дней до даты предполагаемого расторжения;</p> <p>3) получить дубликат полиса в случае его утраты;</p> <p>4) защищать свои права в суде.</p> <p>Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>Стороны имеют также другие права и несут другие обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и правилами добровольного страхования воздушного транспорта АО "Страховая компания "Евразия".</p>
--	---